

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Автор: Кабидулла Салтанат

Координатор: Амирхан Хойшиев

Коэффициент подобия 2:2.9

Замена букв:80

Интервалы:0

Микропробелы:0

Белые знаки:0

☒ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;

□ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;

☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Допущено к использованию

25.05.2022

Am

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Допущено к защите

25.05.2021.

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Кабидулла Салтанат

Название: Айтбе Ғаласы, «Батыс-3» мҰлтек ауданыны сарынды суын Ұкету жүйесін жобалау.docx

Координатор: Амирхан Хойшиев

Коэффициент подобия 1:5

Коэффициент подобия 2:2.9

Замена букв: 80

Интервалы: 0

Микропробелы: 0

Белые знаки: 0

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- ☒ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

.....

.....
Дата

.....

Подпись Научного руководителя

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық мабара
(жұмыс түрінің атауы)
Қабдұлға Саптан Бақытжанұлы
(білім алушының аты-жөні)
5B080500 - Су ресурстары және суды пайдалану
(мамандық атауы және шифр)

Такырып:

Ақмола қаласы, "Батыс-3" мөпте
ауданының сарқында суын жету жүйесін
мабара
Бұл дипломдық мабара "Батыс-3" мөпте
ауданының сарқында суын жету барысында
барлыққа байланысты және ол судың әр түрлі
жан. Техникалық бағыттағы су жету жүйесі
мен схемасы таңдалып, сарқында судың әр түрлі
тік маңызы бар екендігі көрсетілген.
Су пайдалану мақсатындағы құрылыс
техникалық бағыттағы жер жұмыстары-
ның көлемін анықтап, құрылысқа қажетті
машиналарды таңдау әдісін көрсеткен.
Жоғарыдағы бағыттағы қажетті мабарамен
өзін құрылысқа қажетті екендігі.
Жалпы алғанда, дипломдық мабара ма-
сау барысында Қабдұлға С.Б. өзінің
мабарамен бағыттағы жұмыс екендігі.

Ғылыми жетекші

Хаймурза А.Н.


(қолы)

«__» _____ 2021 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖЖ/ӨЖ кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., ассоц. проф.

К.Алимова

« 01 » 06 2021 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ақтөбе қаласы, «Батыс-3» мөлтек ауданының сарқынды
суын әкету жүйесін жобалау»

Мамандығы 5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Қабидулла С.Б.

Жетекші

техн. ғыл. канд., ассоц. проф.

Хойшиев А.Н.

« 01 » 05 2021 ж.

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

5B080500 – “Су ресурстары және суды пайдалану”

БЕКІТЕМІН

ИЖЖ/еЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд, ассоц. проф.


К.Алимова
“ 12 ” 103 2021ж.



**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Қабидулла Салтанат Бақытжанқызы
Тақырыбы: «Ақтөбе қаласы, «Батыс-3» мәттек ауданының сарқынды суын
әкету жүйесін жобалау»
Университет Ректорының 2020 жылғы «24» қараша №2131-б бұйрығымен
бекітілген
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2021 жылғы «25» мамыр
Дипломдық жобаның (жұмыстың) бастапқы деректері:
Халық саны, елді мекеннің жер аумағы, климатологиясы берілген. Нысанның
орналасқан орны: Ақтөбе қаласының оңтүстік-батыс бөлігі.
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі
а) Технологиялық бөлім
б) Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы
в) Экономикалық бөлім
Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
1) Ауданның бас жоспары;
2) Бас кәріз коллекторының бойлық профилі;
3) Кәріздік сорғы станциясы
4) Жұмыс жүргізудің календарлық жоспары
5) Құбыр төсеу кезіндегі жұмыстарды жүргізу схемасы;
Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атаудан

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	12.02.2021 ж. - 30.03.2021 ж.	
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	1.04.2021 ж. - 16.04.2021 ж.	
Экономикалық бөлім	16.04.2021 ж. - 30.04.2021 ж.	


Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	Н.К. Кызылбаев м.т.н, сеньор-лектор.	30.03.21	
Экономикалық бөлім	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., ассоц.проф.	27.05.21	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., ассоц.проф.	31.05.21	

Жетекші

 А.Н.Хойшиев

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 С.Б.Қабидулла

Күні

“ 12 ” 03 2021 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Қабидулла Салтанат Бақытжанқызы

«Ақтөбе қаласы, «Батыс-3» мөлтек ауданының сарқынды суын әкету
жүйесін жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2021

АНДАТПА

Дипломдық жобада Ақтөбе қаласы, «Батыс-3» мөлтек ауданының сарқынды суын әкету жүйесін жобалау қарастырылады. Жұмыстың басты мақсаты – жаңадан салынып жатқан мөлтек ауданның су әкету жүйесін дұрыс жобалау, схемасын таңдау, мөлтек ауданның жалпы орналасу жағдайын ескере отырып су әкету жүйесін таңдау. Суды әкету тораптарын есептеуді жүргізу де маңызды талап болып саналады. Тұрмыстық және өндіріс орындарында пайдаланылып шыққан сарқынды суды тазалаудан өткізіп, техникалық мақсатта пайдалану жоспарлануда. Су әкету жүйесін салғанда керек болатын канализациялық құбырлар мен оларды орнатуға арналған машиналардың саны мен маркасы жазылған. Жер қазу жұмыстарына керекті көрсеткіштердің мәндері есептелген. Экономикалық бөлімде барлық құбырлар мен машиналардың қазіргі таңдағы құны ескеріліп, ең тиімді нұсқасы алынған.

АННОТАЦИЯ

Дипломным проектом предусматривается проектирование системы отвода сточных вод микрорайона «Батыс-3», г. Актобе. Главная цель работы - правильно спроектировать систему водоотведения вновь строящегося микрорайона, выбрать схему, выбрать систему водоотведения с учетом общей планировки микрорайона. Важным требованием также является проведение расчетов узлов водоотведения. Планируется провести очистку и использовать в технических целях отработанные сточные воды бытового и производственного назначения. Записано количество и марка канализационных труб и машин для их установки, необходимых при строительстве системы водоотведения. Рассчитаны значения показателей, необходимых для земляных работ. В экономической части учтена текущая стоимость всех труб и машин, получен наиболее выгодный вариант.

ABSTRACT

The diploma project provides for the design of the wastewater disposal system of the Batys-3 microdistrict, Aktobe. The main goal of the work is to correctly design the drainage system of the newly built neighborhood, choose a scheme, choose a drainage system taking into account the general layout of the neighborhood. An important requirement is also the calculation of drainage nodes. It is planned to clean and use for technical purposes the waste water of domestic and industrial purposes. The number and brand of sewer pipes and machines for their installation, necessary for the construction of a drainage system, are recorded. The values of the indicators required for earthworks are calculated. In the economic part, the current cost of all pipes and machines is taken into account, and the most profitable option is obtained.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
1 Технологиялық бөлім	7
1.1 Нысанның қысқаша мінездемесі	7
1.1.1 Табиғи - климаттық жағдайлар	7
1.2 Су бұру жүйесі мен схемасын таңдау	7
1.3 Ауданның ауыз су – тұрмыстық шаруашылығына қажетті су шығындары	8
1.3.1 Өнеркәсіптік кәсіпорынның сарқынды суларының есептік шығындары	13
1.4 Шаруашылық-тұрмыстық су бұру желісі учаскелеріндегі сарқынды сулардың шығындарын есептеу	15
1.5 Кәріз жүйесі құбырларының гидравликалық есебі	16
1.5.1 Құбырлардың көлденең қимасының формалары	19
1.5.2 Құбырлардың минималды диаметрлері. Науаның және құбырдың толу дәрежесі	20
1.6 Құбырлардың тарту тереңдігі және максималды, минималды тарту тереңдіктері	22
2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	25
2.1 Жер жұмыстарының жұмыс көлемін анықтау	25
2.2 Негізгі құрылыс машиналарын таңдау	26
2.2.1 Экскаваторды таңдау әдісі	26
2.2.2 Кран жабдықтарын таңдау	28
2.2.3 Бульдозерді таңдау	29
2.3 Қауіпсіздік техникасы	30
2.4 Қоршаған ортаны қорғау	30
3 Экономикалық бөлім	32
3.1 Эксплуатациялық шығындар есебі	32
ҚОРЫТЫНДЫ	34
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	35
ҚОСЫМШАЛАР	36

КІРІСПЕ

Сарқынды сулар - адамдардың тұрмыстық және өндірістік қызметі әсерінен пайда болатын, сондай-ақ су жинайтын алаңда жиналып, кейіннен оларды пайдаға жарату орындарына жіберілетін сулар.

Су бұру жүйесі адамдардың жергілікті тұратын және де уақытша болатын жерлерінде қолайлы жағдай жасайтын тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі құраушыларының бірі болып табылады

Шағын тұрғын үй аудандардың су бұру жүйелері сумен жабдықтау жүйелерімен және тіршілікті қамтамасыз етудің басқа да инженерлік жүйелерімен бір мезгілде әзірленеді. Тұрғын үй аудандардың су бұру жүйелерін ұйымдастыру кезінде оларды орталықтандырылған пайдаланылатын жүйелерге қосу нұсқаларын қарастырған жөн.

Шағын ауданның су бұру желілерін ұйымдастырудың және орналастырудың мақсаты-тұрғын шағын аудан аумағында түзілетін шаруашылық-тұрмыстық және жер үсті сарқынды суларын түзілген жерлерден бұруды және оларды қалалық су бұру желісіне ағызуды қамтамасыз ету болып табылады.

Шағын ауданның су бұру желілерін орнату және есептеу үшін негіз шағын ауданды жоспарлау жобасы - Бас жоспар болып табылады.

Осы дипломдық жұмыста жаңадан салынып жатырған Батыс-3 ауданының су әкету жүйесін зерттей отыра, сарқынды судың есептік шығыстары есептелінеді.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Нысанның қысқаша мінездемесі

Жобаланушы объект – Батыс-3 ауданы. Аудан Ақтөбе қаласының оңтүстік-батысына қарай орналасқан.

Жобаланушы аймақтағы халықтың болжамды саны 65870 адам. Мұнда 41 жаңа әлеуметтік нысандар – емханалар, мектептер, балабақшалар, спорт кешендері және басқалар орналастырылады деп жоспарлануда.

Елді – мекеннің мұздату тереңдігі: 2,7 м; топырақ өсу қабаты – 0,3 м; саздауыт - 2 м; тығыз пластикалық саздауыт-2 м; құмдақ-2 м; қиыршық құм-2 м; топырақ жамылғысының орташа тереңдігі - 9 м құрайды.

1.1.1 Табиғи - климаттық жағдайлар

Ауданның климаты шұғыл континенталды болып келген. Қысы өте суық, жазы ыстық. Орташа жылдық ауа температурасының шамасы +5,6 °С. Бір жылдың бес айында күндізгі орташа температурасы 20 °С-тан асады.

Жауын-шашынның көп түсетін айы – маусым айы болып табылады, яғни 35 мм. Қыркүйек айында жауын-шашын мөлшері ең аз көрсеткішті көрсетеді – 19 мм.

Жылдық орташа ауа ылғалдылығы алпыс сегіз пайызға тең.

	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Жыл
Абсолюттық максимум, °С	4.1 (2007-01-28)	5.5 (2016-02-25)	23.6 (2008-03-29)	30.9 (2010-04-23)	38.3 (1980-05-23)	40.2 (2013-06-22)	42.2 (1984-07-11)	41.1 (2012-08-12)	38.3 (2003-09-05)	29.7 (2004-10-01)	17 (2012-11-01)	13 (2008-12-10)	42.2
Орташа максимум, °С	-8.4	-7.6	-0.5	13.7	22.6	28.4	30.1	28.6	21.7	11.9	0.8	-5.9	11.3
Орташа температуралар, °С	-12.4	-12.1	-5.4	7.5	15.2	20.9	22.8	20.9	14.5	6.3	-3	-9.8	5.4
Орташа минимум, °С	-16.4	-16.6	-10.2	1.2	7.8	13.3	15.6	13.3	7.3	0.7	-6.8	-13.6	-0.4
Абсолюттық минимум, °С	-39.6 (1999-01-03)	-39.3 (1994-02-13)	-36.4 (1994-03-05)	-16.4 (2005-04-02)	-3.8 (1992-05-01)	0.9 (1992-06-07)	6 (2006-07-06)	1.6 (2015-08-25)	-7.4 (2008-09-29)	-13.6 (1987-10-28)	-30.4 (1998-11-30)	-41.5 (2002-12-30)	-41.5
Жауын-шашын нормасы, мм	25.2	22	25.5	27.6	31.4	39.3	30.8	29	20.2	27.3	27.8	29.8	335.9

1 Сурет – Ақтөбе қаласының айлар бойынша климаттық кестесі

Облыс климатына тән ерекшеліктерінің бірі жыл бойына тұрақты желдер болып табылады. Солтүстік-шығыста желдің орташа жылдамдығы 3,3 м/с, қалған уақытта 5,6 м/секундқа дейін ауытқиды.

1.2 Су бұру жүйесі мен схемасын таңдау

Дипломдық жобада толық бөлек су бұру жүйесі қабылданды. Негізінен су әкету схемасы жер бедерінің ерекшеліктеріне, кәріз аумағының көлеміне байланысты қабылданады. Рельефтің бас жоспары белгілі бір рельефке ие болғандықтан су объектісіне көлбеу, содан кейін біз қиылысқан схеманы

қолданамыз. Негізгі коллектор өзен жағасында қала аумағының төменгі бөлігінде жобаланады, ал аудан коллекторлары негізгі коллекторға перпендикуляр төселеді. Барлық кәріз аумағы екі бассейнге бөлінген. Ағынды сулар қалалар мен бір өнеркәсіптік кәсіпорын өз бетімен бас коллекторға, содан кейін қалалық кәріздік тазарту құрылыстарына жіберіледі, ал екінші өнеркәсіптік кәсіпорыннан ақаба сулар тікелей тазарту құрылыстарына айдалады. Коллектор 7 метрден астам тереңдетілгенде сорғы станциясы көзделеді. Сорғы станциясынан ағынды сулар кәріз құдығына сорылады, онда дренаж желісі топырақтың қату тереңдігіне байланысты төсеудің минималды рұқсат етілген тереңдігінен басталады. Басты кәріздік сорғы станциясы коллектордың соңында кәріздік тазарту құрылыстарының алдына орнатылған.

1.3 Ауданның ауыз су – тұрмыстық шаруашылығына қажетті су шығындары

Сарқынды су шығыны – әр адамның қажеттілігіне жұмсалатын су.

Сарқынды сулардың шығынын есептеу кәріз желілері мен құрылымдарының гидравликасын есептеу үшін қажет.

Тұрмыстық сарқынды су шығын мөлшері тұрғын үйлер салынған аудандарда олардың абаттандырылу дәрежесіне сәйкес қабылданады.

Сарқынды су шығынының біркелкісіздік коэффициенті

Сарқынды судың біркелкісіздігін есептеу үшін біркелкісіздік коэффициенті қолданылады. Біркелкісіздік коэффициенті сағаттық, жалпы, тәуліктік болып бөлінеді. Коэффициент мәні аудан үлкен болған сайын аз болады, керісінше кіші болса коэффициент үлкен болады.

Тәуліктік біркелкісіздік коэффициентті анықтайын болсақ:

$$K_1 = \frac{Q_{max}}{Q_{mid}} = \frac{28587,6}{18443,6} = 1,55 \quad (1)$$

мұндағы Q_{max}, Q_{mid} – жыл ішіндегі максималды орташа тәуліктік шығындар, м³.

Жергілікті жағдайларға байланысты тәуліктік біркелкісіздігі 1,1-1,3-ке тең.

Сағаттық біркелкісіздік коэффициентін мына формуламен анықтаймыз:

$$K_2 = \frac{q_{max}(m)}{q_{mid}(m)} = \frac{330,8}{213,5} = 1, \quad (2)$$

мұндағы $q_{max}(m), q_{mid}(m)$ – тәулік ішіндегі максималды және орташа сарқынды судың шығыны, л/с.

Келесі жалпы біркелкісіздік коэффициенті:

$$K_{dep.max} = K_1 \cdot K_2 = 1,55 \cdot 1 = 1,55 \quad (3)$$

Тұрғындардың санына және суды тұтыну нормасына байланысты орташа тәуліктік шаруашылық ауыз су шығыны мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_{mid} = \frac{q_6 \cdot N}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәулік} \quad (4)$$

мұндағы N – елді мекендегі тұрғындарының саны;

q_6 – тәуліктегі бір адамға шаққандағы су тұтыну нормасы, л/тәулік.

Су тұтыну нормасы 1.1-кестеде көрсетілгендей абаттандыру дәрежесіне қарай қабылданды.

1.1 Кесте – Абаттандыру дәрежесіне байланысты су тұтыну нормасы

Тұрғын үй құрылысы аудандарын абаттандыру дәрежесі	Су тұтыну нормасы, л/тәулік
Ішкі су құбырымен және кәрізбен жабдықталған ваннасыз ғимараттар: - автономды ыстық сумен қамтылған	100-150
Ішкі су құбырымен және су әкетумен жабдықталған, тұрғын үйлер: - орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған	150-280

Есептеу «Ғимараттардың ішкі су құбыры және канализациясы» ҚР ҚНЖЕ арқылы жүргізіледі. Бұл жобада қала аудандары негізінен ғимараттармен салынады, орталықтандырылған ыстық сумен, ішкі су құбырларымен және канализациялармен жабдықталады. Абаттандырудың осы дәрежесі кезінде меншікті шаруашылық-ауыз су тұтыну бір тұрғынға тәулігіне 280 л-ге тең болып қабылданды.

Тұрғындардың санына байланысты судың мөлшерін есептейміз:

$$Q_{mid} = \frac{280 \cdot 65870}{1000} = 18443,6 \text{ м}^3/\text{тәу}. \quad (5)$$

Су ең көп қолданылатын тәуліктіктердегі су шығыны $Q_{тәу.max.}$,

$$Q_{max} = K_1 \cdot Q_{mid}, \quad (6)$$

мұндағы K_1 – тәуліктіктегі біркелкі еместік коэффициенті. ҚНЖЕ бойынша мынаған тең:

$$K_{тәу.max} = 1,1-1,3.$$

Сонда,

$$Q_{\text{тәу.макс}} = 1,55 \cdot 18443,6 = 28587,6 \text{ м}^3/\text{тәулік}.$$

Максималды сағаттық және секундтық шығындар анықталды:

$$Q_{\text{max}(m)} = \frac{q_b \cdot N}{24 \cdot 1000} \cdot K_{\text{den.max}} = \frac{280 \cdot 65870}{24000} \cdot 1,55 = 1191,15 \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (7)$$

$$q_{\text{max}} = q_{\text{mid}(s)} \cdot K_{\text{den.max}} = 213,5 \cdot 1,55 = 330,8 \text{ л/с}, \quad (8)$$

$$q_{\text{max}} = \frac{q_b \cdot N}{86400} = \frac{280 \cdot 65870}{86400} \cdot 1,55 = 330,8 \text{ л/с}, \quad (9)$$

мұндағы $K_{\text{den.max}}$ —жалпы біркелкісіздік коэффициенті (ҚН нұсқауларын қолдану қажет.)

Орташа секундтық су шығыны, л/с:

$$q_{\text{mid}(s)} = \frac{q_b \cdot N}{86400}, \quad (10)$$

$$q_{\text{mid}(s)} = \frac{280 \cdot 65870}{86400} = 213,5 \text{ л/с}.$$

Орташа сағаттық судың шығыны, $\text{м}^3/\text{сағ}$ анықтаймыз:

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{Q_{\text{mid}}}{24}, \quad (11)$$

мұндағы $Q_{\text{орт.сағ}}$ - орташа сағаттық су шығыны, $\frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}$.

$$Q_{\text{орт.сағ}} = \frac{18443,6}{24} = 768,5 \frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}.$$

Келесі сағаттық максималды және минималды су шығындарын, $\frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}$ есептейміз:

$$Q_{\text{жоғ.сағ}} = K_{\text{gen.max}} \cdot \frac{Q_{\text{mid}}}{24} = 1,55 \cdot \frac{18443,6}{24} = 1191,2 \frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}, \quad (12)$$

$$Q_{\text{төм.сағ}} = K_{\text{gen.min}} \cdot \frac{Q_{\text{mid}}}{24} = 0,62 \cdot \frac{18443,6}{24} = 476,5 \frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}. \quad (13)$$

мұндағы $Q_{\text{жоғ.сағ}}$ — ең жоғарғы тәуліктік сағаттық шығын, $\frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}$;

$Q_{\text{төм.сағ}}$ - минималды сағат шығыны, $\frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}$.

Тұрғын үй кварталдарынан тұрмыстық сарқынды сулардың түсуінің жалпы әркелкілігінің коэффициенті, ол осы учаскеге келіп түсетін тұрғын кварталдардан сарқынды сулардың жиынтық орташа шығынына (яғни орташа шығыстар мәнінен) тәуелділік кестелері бойынша айқындалады.

1.2 Кесте – Сарқынды сулардың есептік жалпы ең жоғары және ең төменгі шығыстары.

Сарқынды сулар ағынының біркелкі еместігінің жалпы коэффициенті	Ағынды сулардың орташа шығыны, л/с								
	5	10	20	50	100	300	500	1000	5000
Ең жоғары 5% қамтамасыз ету кезінде. $K_{gen.max}$	2,5	2,1	1,9	1,7	1,6	1,55	1,5	1,47	1,44
$K_{gen.min}$	0,38	0,45	0,5	0,55	0,59	0,62	0,66	0,69	0,71

Коммуналдық тұрмыстық мақсаттағы ғимараттардан шыққан шоғырланған шығын мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Q_{\text{шоф.}} = \frac{q_{\text{шоф.}}^1 \cdot N_1 + q_{\text{шоф.}}^2 \cdot N_2 + \dots + q_{\text{шоф.}}^n \cdot N_n}{1000(N_1 + N_2 + \dots + N_n)}, \quad (14)$$

мұндағы $q_{\text{шоф.}}^1$ – мектептегі оқушылардың сарқынды су шығыны, л/тәул;
 $q_{\text{шоф.}}^2$ – балабақшадағы балалардың сарқынды су шығыны, л/тәул;
 $q_{\text{шоф.}}^3$ – ауруханадағы адамдардың сарқынды су шығыны, л/тәул;
 N_1 – мектептегі оқушылардың саны, адам;
 N_2 – балабақшадағы баланың саны, адам;
 N_3 – ауруханадағы адам саны, адам.

Мектеп, емхана және моншаға қажетті су шығыны ҚР ҚНЖЕ бойынша есептелінді. Яғни, мектеп бойынша бір балаға шаққандағы су тұтыну нормасы - 20 л/тәулікке, емхана бойынша су тұтыну нормасы - 200 л/тәулікке, монша бойынша - 180 л/тәулікке, балабақша - 21,5 л/тәулікке тең. Батыс-3 ауданында 12000 оқушыға арналған мектеп салыну жоспарланған. Сол бойынша мектептің су шығынын есептейміз:

$$Q_{\text{орт. мектеп}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (15)$$

$$Q_{\text{орт. мектеп}} = \frac{20 \cdot 12000}{1000} = 240 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}}$$

мұндағы q_0 – мектептегі бір оқушының су тұтыну мөлшері, 20л;
 N – мектептегі оқушылар саны, адам.

Емхана бойынша су шығыны:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{емхана}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (16)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{емхана}} = \frac{200 \cdot 2200}{1000} = 440 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}}$$

мұндағы q_0 -емханаға келген бір адамның су тұтыну мөлшері, 13л;
 N – емханаға келуші адам саны, адам.

Монша бойынша су шығыны мынаған тең:

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{монша}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (17)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{монша}} = \frac{180 \cdot 1000}{1000} = 180 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}},$$

мұндағы q_0 -моншаға келетін бір адамның су тұтынатын мөлшері, 180л;
 N – моншаға келуші адам саны, адам.

Балабақша бойынша су шығыны

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{балабақша}} = \frac{q_0 \cdot N}{1000}, \quad (18)$$

$$Q_{\text{орт.}}^{\text{балабақша}} = \frac{21,5 \cdot 1500}{1000} = 32,25 \frac{\text{м}^3}{\text{тәу}},$$

мұндағы q_0 - балабақшаға келетін бір баланың су тұтыну мөлшері, 75л;
 N – моншаға келуші адам саны, адам.

Қалдық сарқынды су шығынның мөлшері-коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттардан шығыстарды су бұрудың жалпы нормасынан алып тастау кезінде алынатын су бұру нормасы. Және бұл мына формуламен анықталады:

$$q_{\text{б.қал}} = q_{\text{б}} - \frac{Q_{\text{шог}} \cdot 1000}{N}, \quad (19)$$

мұндағы $Q_{\text{шог}}$ —ғимараттардан шыққан сарқынды су шығыны, м^3 ;
 $q_{\text{б.қал}}$ -қалдық сарқынды су нормасы, л/тәул.

$$Q_{\text{шог}} = \frac{1200 \cdot 20 + 2200 \cdot 200 + 1000 \cdot 180 + 1500 \cdot 21,5}{1000(12000 + 2200 + 1000 + 1500)} = 0,053 \text{ м}^3$$

$$q_{б.қал} = 280 - \frac{0,053 \cdot 1000}{65870} = 280 \text{ л/тәул}$$

1.3.1 Өнеркәсіптік кәсіпорынның сарқынды суларының есептік шығындары

Ауданда 3 ауысымда жұмыс істейтін екі өнеркәсіптік кәсіпорын бар. Өнеркәсіптік өнеркәсіптік кәсіпорындардың сарқынды сулары аумақта кәрізденеді және жергілікті тазартудан кейін қалалық шаруашылық-тұрмыстық желіге түседі.

Өнеркәсіптік кәсіпорыннан сарқынды сулардың тәуліктік шығысы мынадай шығыс түрлерінен құралады: шаруашылық-тұрмыстық, сусебер және өндірістік.

Өнеркәсіптік кәсіпорында түзілетін шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулардың шығысы су бұру нормаларын ескере отырып айқындалған.

Душтан шыққан ағынды сулардың шығынын есептеу бір душ торына (500 л) судың сағаттық шығынын ескере отырып, душ торының бір сағат ішінде жұмыс істеу ұзақтығы 45 минут болған кезде қабылданды.

Душты пайдаланатын адамдардың саны жұмыс істейтіндердің жалпы санының 20% - ын құрайды. Душ торларының саны бір душ торына 10 адамнан келеді деп қабылданады.

Бірінші өнеркәсіптік кәсіпорыннан сарқынды сулардың жиынтық шығыны $42,46 \frac{\text{м}^3}{\text{тәулік}} = 1,77 \frac{\text{м}^3}{\text{сағат}} = 0,49 \frac{\text{л}}{\text{с}}$.

Екінші кәсіпорын үшін ағынды сулардың жалпы шығыны $7671,2 \frac{\text{м}^3}{\text{тәулік}} = 319,6 \frac{\text{м}^3}{\text{сағат}} = 88,8 \frac{\text{л}}{\text{с}}$ құрайды.

Өндіріс орнындағы жұмысшыларға қажетті есептік тәуліктік, сағаттық және секундтық шығындар ауысым бойынша максималды жұмысшылар саны бойынша жұмыс сағат санын ескере отырып, мына формулалармен анықталады

$$Q_{тау.}^{II} = \frac{25 \cdot n_1 + 45 \cdot n_2}{1000}, \quad (20)$$

$$Q_{макс.сағ.}^{II} = \frac{25 \cdot n_3 \cdot K_1 + 45 \cdot n_4 \cdot K_2}{T \cdot 1000}, \quad (21)$$

$$q_{макс.с.}^{II} = \frac{25 \cdot n_3 \cdot K_1 + 45 \cdot n_4 \cdot K_2}{T \cdot 3600}. \quad (22)$$

мұндағы n_1 және n_2 – бір адамға санағандағы 25 және 45 л (салқын және ыстық цехтар) су тұтыну мөлшері кезіндегі цехтардағы тәулік бойынша жұмысшылар саны;

n_3 және n_4 – жоғарыдағыдай су тұтыну мөлшеріндегі ауысым бойынша максималды жұмысшылар саны;

K_1 және K_2 – жоғарыдағы су тұтыну мөлшеріне сәйкес, сағаттық біркелкі еместік коэффициент және ол 3 және 2,5-ке тең.

Сусебер суларының есептік шығындары:

$$Q_{\text{сағ}} = \frac{500 \cdot n_c^{1.45}}{60 \cdot 1000}, \frac{\text{м}^3}{\text{сағ}}, \quad (23)$$

мұндағы n_c^1 - душ торларының саны.

Кәріздеу объектілерінен түзілетін сарқынды сулардың есептелген шығындары 1.3 - кестеге енгізілген.

1.3 Кесте – тәулік сағаттары бойынша сарқынды сулардың жиынтық тәуліктік шығыны

Тәулік сағаттары	Тұрғын үйдің шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулардың шығыны		Өнеркәсіптік кәсіпорындардан сарқынды сулардың шығыны, $m^3/сағат$		Сарқынды сулардың жиынтық шығыны, $m^3/сағат$	Сарқынды сулардың жиынтық шығынының пайызы, %
			бірінші өнеркәсіптік кәсіпорын	екінші өнеркәсіптік кәсіпорын		
	k=%	$m^3/сағ.$				
0-1	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93
1-2	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93
2-3	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93
3-4	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93
4-5	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93
5-6	4,31	1232,19	1,77	319,63	1553,56	4,28
6-7	5,32	1520,93	1,77	319,63	1842,30	5,07
7-8	5,22	1486,63	1,77	319,63	1808,00	4,98
8-9	6,46	1846,85	1,77	319,63	2168,22	5,97
9-10	6,46	1846,85	1,77	319,63	2168,22	5,97
10-11	6,46	1846,85	1,77	319,63	2168,22	5,97
11-12	4,6	1315,09	1,77	319,63	1636,46	4,51
12-13	4,0	1143,6	1,77	319,63	1464,93	4,04
13-14	4,8	1372,27	1,77	319,63	1693,64	4,67
16-17	5,32	1520,93	1,77	319,63	1842,30	5,07
12-13	4,0	1143,56	1,77	319,63	1464,93	4,04
13-14	4,8	1372,27	1,77	319,63	1693,64	4,67
16-17	5,32	1520,93	1,77	319,63	1842,30	5,07
17-18	5,32	1520,93	1,77	319,63	1842,30	5,07
18-19	4,31	1232,19	1,77	319,63	1553,56	4,28
19-20	3,0	857,67	1,77	319,63	1179,04	3,25
20-21	3,0	857,67	1,77	319,63	1179,04	3,25
21-22	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93

1.3 Кестенің жалғасы

Тәулік сағаттары	Тұрғын үйдің шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулардың шығыны		Өнеркәсіптік кәсіпорындардан сарқынды сулардың шығыны, $m^3 / сағат$		Сарқынды сулардың жиынтық шығыны, $m^3 / сағат$	Сарқынды сулардың жиынтық шығынының пайызы, %
			бірінші өнеркәсіптік кәсіпорын	екінші өнеркәсіптік кәсіпорын		
	k=%	$m^3 / сағ.$				
22-23	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93
23-24	2,6	743,31	1,77	319,63	1064,68	2,93
Жиыны	100	28589	42,46	7671,12	36302,58	100

1.4 Шаруашылық-тұрмыстық су бұру желісі учаскелеріндегі сарқынды сулардың шығындарын есептеу

Су бұру желісінің учаскелеріндегі ағынды сулардың есептік шығындарын анықтау су бұру желілерін гидравликалық есептеуді орындаудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Шаруашылық-тұрмыстық су бұру желісінің жекелеген учаскелеріндегі сарқынды сулардың шығыстарын есептеу ағын модулі бойынша орындалды.

Ағын модулі-тұрғын үй құрылысының 1 га-нан бөлінетін сарқынды сулардың (л/с) мөлшері (үлестік шығысы). Су бұру желісі учаскелерінің сарқынды суларының есептік шығынын есептеу кезінде ілеспе, бүйірлік, транзиттік және шоғырланған шығыстар ұғымдары пайдаланылады.

$$q_0 = \frac{n \cdot \rho}{86400}, \frac{\text{л}}{\text{с}} \text{ га} \quad (24)$$

мұндағы n - 1 адамға шаққандағы л/тәулікке үлестік су бұру;
 ρ - халықтың тығыздығы, адам/га.

Сонда орташа тұтыну тең болады:

$$q_{mid.s} = q_0 \cdot F, \text{ л/с}, \quad (25)$$


ал максималды шығын:

$$q_{max.s} = q_0 \cdot F \cdot k_{gen.max}, \text{ л/с}, \quad (26)$$

мұндағы F -ағынның ауданы, га.

Ағын ауданы тікелей өлшеулермен елді мекенді жоспарлау жобасы бойынша құбыр учаскелеріне тартылатын ағын алаңындағы кварталдарды бөлу арқылы анықталады.

Бөлу принциптері 2 - суретте көрсетілген.



2 Сурет – Көше құбырларының орналасуына байланысты ағын алаңындағы орамдарды бөлу схемалары (бағыттауыштар ағын алаңының қандай құбырларға тартылатынын көрсетеді)

Учаскедегі есептік шығын мынадай формула арқылы айқындалады

$$q_{\text{есептік}} = q_{\text{жолай}} + q_{\text{тр.}} + q_{\text{бүй.}}, \text{ л/с} \quad (27)$$

мұндағы $q_{\text{жолай}}$ – осы учаскеге тікелей жанасатын орамдардан учаскедегі жолай шығын, л/с;

$q_{\text{тр.}}$ - жоғары орналасқан учаскеден есеп айырысу учаскесіне түсетін транзиттік шығын, л/с;

$q_{\text{бүй.}}$ - бүйірлік қосылыстардан сарқынды сулардың шығыны, л/с.

Есептеу нәтижелері А.1 - кестеде көрсетілген.

1.5 Кәріз жүйесі құбырларының гидравликалық есебі

Гидравликалық есептеудің мақсаты - құбырлардың диаметрлерін, еңістерін, сондай-ақ олардағы ағынды сулар мен толтырулардың қозғалыс жылдамдығын анықтау. Гидравликалық есептеу нәтижелері бойынша құбырлар учаскелерінің орналасу тереңдігі анықталады және бойлық профиль салынады.

Кәріз желілері-сарқынды сулар мен органикалық қалдықтарды жинау және жою функцияларын орындайтын жалпы сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің бөлігі. Тасымалданатын ағынды сулардың құрамында әртүрлі ерімейтін қоспалар бар. Құбырдағы жылдамдық аз болған кезде қоспалар тұнба түрінде түседі. Құбыр арқылы сұйықтықтың қозғалысы кезінде қысымның жоғалуы келесі формула бойынша анықталады

$$h = v \cdot v^m, \quad (28)$$

мұнда v - құбыр көлемінің, сұйықтықтың түрінің коэффициенті;
 ν - сұйықтықтың тұтқырлығының кинематикалық коэффициенті;
 m - ламинарлы қозғалыс кезінде-1 – ге тең ;

Турбулентті қозғалыс кезінде $m=1,75$.

Құбырдағы қозғалыс режимін анықтау үшін Рейнольдс санын қолданамыз. Егер Рейнольдс саны 2320 санынан аз болса, ламинарлы қозғалыс, ал егер 2320 санынан көп болса, турбулентті болады.

Re саны толық толған құбырлар үшін:

$$Re = \frac{v \cdot d}{\nu} = \frac{v \cdot 4R}{\nu}, \quad (29)$$

мұндағы v -сұйықтықтың қозғалысының орташа жылдамдығы, м/с;
 d -құбыр диаметрі;
 ν -сұйықтықтың тұтқырлығының кинематикалық коэффициенті.

Өздігінен ағатын құбырларды, науалар мен арналарды гидравликалық есептеу келесі формулалар бойынша жүргізіледі:

1) Ағынның үздіксіздігі (немесе ағынның тұрақтылығы) формуласы

$$q = \omega \cdot v \text{ м}^3/\text{с} \quad (30)$$

мұндағы ω - ағынның тірі қимасының ауданы, м^2 ;
 v - ағынның орташа қозғалысының жылдамдығы (тірі қима бойынша).

2) Бірқалыпты турбулентті қозғалыс кезінде жылдамдықты анықтауға арналған Шези формуласы:

$$v = C \cdot \sqrt{R \cdot I} \text{ м/с}, \quad (31)$$

мұндағы C -ұзындығы бойынша үйкеліске төзімділік коэффициенті (коэффициент Шези), $\text{м}^{0,5}\text{с}^{-1}$

R -гидравликалық радиус, м

$$R = \frac{w}{\chi}, \quad (32)$$

мұндағы χ -суланған периметр, м;

I -гидравликалық ағынның көлбеуі судың бірқалыпты қозғалысы кезінде $I=i$, содан кейін

Шези коэффициентін анықтауға арналған Н.Н. Павловскийдің формуласы:

$$C = \frac{R^y}{n}, \quad (33)$$

мұндағы n -құбырлардың материалына байланысты кедір-бұдырлық коэффициенті $0,012 \div 0,015$ қабылданады;
 y -дәреже көрсеткіші

$$y = 2,5\sqrt{n} - 0,13 - 0,75\sqrt{R}(\sqrt{n} - 0,1) \quad (34)$$

Өздігінен ағатын құбырлардың, науалар мен арналардың гидравликалық еңісін ($I=i$) анықтауға арналған Дарси формуласы:

$$i = \frac{\lambda}{4R} \cdot \frac{v^2}{2g}, \quad (35)$$

мұндағы λ - ұзындығы бойынша үйкеліс кедергісінің өлшемсіз коэффициенті (Дарси коэффициенті);
 g - еркін құлаудың үдеуі, м/с^2 .

Ағынның турбуленттілігінің әртүрлі дәрежесін ескере отырып, Дарси коэффициентін Н. Ф. Федоровтың формуласы арқылы анықтаймыз:

$$\frac{1}{\sqrt{\lambda}} = -2 \lg \left(\frac{\Delta}{13,68R} + \frac{a_2}{Re} \right) = 0,008 \text{ м/с}^2 \quad (36)$$

мұндағы Δ — абсолютті кедір-бұдырлықтың эквивалентті коэффициенті, см;

R -гидравликалық радиус;

a_2 — құбыр материалы кедір-бұдырлығының сипатын ескеретін өлшемсіз коэффициент.

Орташа жылдамдық формуласы:

$$v_{\text{орт}} = \frac{q}{\omega}, \quad (37)$$

мұндағы q -есептік шығын, $\frac{\text{м}^3}{\text{с}}$;

ω -қиынды көлемі, м^2 .

Су бұру желісінің гидравликалық есебі кесте түрінде жүргізіледі (1.4-кесте).

Алдымен кестеге құбырдың әрбір учаскесі үшін бастапқы деректер енгізілді: есептік шығыстар, учаскелердің ұзындығы, желіні трассалаумен елді мекеннің жоспарлау жобасынан жердің белгілері. Құбырдың көлбеуі туралы шешім қабылдауды жеңілдету үшін әр учаскеде жер бетінің көлбеуін есептеуге болады. Ағынды сулардың диаметрлерін, еңістерін, толтыруларын және қозғалыс жылдамдығын анықтау ол Н.Н. Павловскийдің немесе Н.Ф.

Федоровтың формулаларын пайдаланып жасалған гидравликалық есептеудің кестелері мен номограммаларын қолдана отырып жасалады.

Батыс – 3 ауданының канализациясының гидравликалық есептеу мәндері А.2 - кестеде көрсетілген.

1.4 Кесте – Шаруашылық - тұрмыстық су бұру желісінің гидравликалық есептерінің ведомосы

Участкелердің нөмірі	Учаскенің ұзындығы L, м	Учаскедегі шығын $Q_{\max}$, л/с	Диаметр D, мм	Көлбеу i	Жылдамдық v , м/с	Толтыру		Құлау Δh , м
						h/d	су қабаты h, м	
1-3	425	24,99	300	0,0033	0,72	0,49	0,15	1,40
2-3	437,5	25,52	300	0,0033	0,73	0,49	0,15	1,44
3-5	404	57,71	350	0,0029	0,83	0,67	0,23	1,17


Жеткізуші коллектордың диаметрі ағынды сулардың максималды секундтық шығыны 478,52 л/с болатыны гидравликалық есептеу нәтижесінде анықталған. Жеткізу коллекторының гидравликалық параметрлері: $D = 800$ мм, толтыру $\frac{H}{D} \leq 0,66$, жылдамдық $v = 0,95$ м/с, көлбеу $i = 0,0013$.

1.5.1 Құбырлардың көлденең қимасының формалары

Канализация құбырларының кесінді қималарының бірнеше түрлері кездеседі. Олардың 90 % - тен көбі дөңгелек қима. Бұл құбырлардың бірқатар артықшылықтары бар:

- құбыр құрылысының индустриалдылығы;
- пайдалану, тазалау кезіндегі қарапайымдылығы;
- олар гидравликалық жағынан ең тиімді және белгілі бір қимасы бар, ең үлкен ағынның өтуін қамтамасыз етеді.

Ал қалған түрлері сарқынды суды канализациялық ғимараттарға бөлу, тұнбаны тұнба өндейтін қондырғыларға әкету үшін қолданылады. Сығылған қиындылар сарқынды судың шығыны көп және біркелкі, құбырдың тарту терендігі таяз болса қолданылады. Созылған қималар сарқынды судың шығындары біркелкі емес жағдайда қолданылады. Сызылған қималарды өні және салатын орны тар болғанда, ал науа тәрізділер өнеркәсіп орындарында қолданылады.



а) дөңгелек; б) жартылай дөңгелек; в) шатыр; г) банкет; д) овоид;
е) эллиптикалық; ж) тік ендірмелері бар жартылай шеңберлі; з) төңкерілген
овоидті; и) науалы; к) бес бұрышты; л) тікбұрышты; м) трапеция тәрізді

3 Сурет - Құбырлар мен арналардың көлденең қимасының формалары.

1.5.2 Құбырлардың минималды диаметрлері. Науаның және құбырдың толу дәрежесі

Құбырлардың диаметрі гидравликалық есептеулер кезінде алынады. Егер сарқынды судың шығыны аз болатын болса құбыр диаметрін пайдалану талабына сәйкес етіп қабылдаймыз. Аула құбырларының диаметрі 150 мм-ден кем болмауы қажет. Ал көше құбырларының диаметрі 200 мм-ден кем болмауы тиіс. ҚНЖ/еЕ-те канализация жүйесіне, есептік шығындарға байланысты қабылданған минималды диаметр беріледі

1.5 Кесте – Минималды диаметр мен ылдилықты қабылдау

Канализация жүйелері	Минималды диаметр d_{min} , мм		Минималды ылдилық i_{min}	
	квартал аралық құбырлар	көше құбырлары	квартал аралық құбырлар	көше құбырлары
1 толық және жартылай бөлінген жүйелер:				
а/ тұрмыстық сарқынды су құбырлары	150	200	0,008/0,007*/	0,005
ә/ жаңбыр құбырлары	200	250	0,007/0,005*/	
2 жалпы ағызылатын жүйе	200	250	0,007/0,005*/	

Су бұру желілеріндегі сарқынды сулардың қозғалыс режимі

Ағынның төмен жылдамдығымен ерімейтін қоспалар құбырларға түсіп кетуі мүмкін, бұл өткізу қабілетінің төмендеуіне, кейде құбырлардың толық бітелуіне әкеледі. Сондықтан қалыпты жұмыс істейтін дренаж желісінде ерімейтін қоспалар су ағынымен тасымалдануы керек.

Ерімейтін органикалық заттар мен нашар минералды заттар (күм, шлак және басқалары) құбырларда жақсы тасымалданады. Егер қолайсыз гидравликалық жағдай болатын болса тұнбаға түседі. Сондықтан желілерді жобалаудың маңызды шарттарының бірі құбырларда ағынды сулардың қажетті жылдамдығын қамтамасыз ету болып табылады, оларда тығыз, шайылмайтын шөгінділердің пайда болуын болдырмайды.

Сарқынды су канализациясының торабында қозғалыс бірқалыпты немесе бірқалыпсыз болуы мүмкін. Яғни, бірқалыпты қозғалыс деп сарқынды судың орташа жылдамдығы науаның ұзындығы бойынша өзгермеген кезді айтамыз. Ал бірқалыпсыз қозғалыс орташа жылдамдық науаның қимасының ауданы бойынша әртүрлі болған жағдайда пайда болады. Тұнба сарқынды сулардың біркелкі емес қозғалысына ықпал етеді. Ағынды сулардың біркелкі емес қозғалысының себептері:

- құбыр ұзындығы бойынша шығындарды өзгерту;
- жергілікті қарсыласу орындарында тіректердің пайда болуы;
- құбырлардың еңісі мен қабырғалардың кедір-бұдырлығының өзгеруі;
- температураның өзгеруі;
- құрылыс ақаулары.

1.6 Кесте-ҚНЖЕ сәйкес өздігінен ағатын құбырлар есептік толтырулар

d, мм	150-200	300-400	450-900	>1000
h/d	0,6	0,7	0,75	0,8

Кестеге қарап құбырдың диаметрі үлкейген сайын толу дәрежесінің де өсетінін байқаймыз. Яғни құбырдың диаметрі неғұрлым үлкен болса, соғұрлым минималды есептеу жылдамдығы жоғары болады.

Тазарту станцияларында науалар мен құбырлардағы ең аз есептік жылдамдықты 0,4 м/с қабылдауға жол беріледі, ал тұнба ағымының ең аз жылдамдығын 1.7 ҚНЖЕ кестесі бойынша қабылдау керек.

Ең жоғары жылдамдықтар металл емес құбырлар үшін - 4,0 м/с, металл құбырлар үшін - 8,0 м/с құбыр қабырғаларының құммен қажалуын болдырмау жағдайынан белгіленеді. Жаңбыр желісі үшін минималды жылдамдық 0,6 м/с тең қабылданады.

Су бұру желісінің көлбеулігін Дарси немесе Шези формулалары бойынша есептеу керек. Негіздеме кезінде диаметрі 150 және 200 мм құбырлар үшін тиісінше 0,007 және 0,005 ең аз еңістерді қабылдауға жол беріледі.

Минималды көлбеу құбырларды формула бойынша табады:

$$i_{min} = \frac{\lambda}{4R} \cdot \frac{v_{min}^2}{2g} = \frac{1}{d'} \quad (38)$$

мұндағы d-құбырдың диаметрі, мм.

1.6 Құбырлардың тарту тереңдігі және максималды, минималды тарту тереңдіктері

Сарқынды су торабының құны және құрылыс мерзімі канализациялық құбырларды тарту тереңдігіне тікелей байланысты. Торапты жер астына төсегенде, оның қыста қатып қалмауын, механикалық соққыларға төтеп беруін және канализацияланатын басқа объектілердің қосылу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі керек.

Канализация құбырларындағы судың қату қаупі таза су құбырларына қарағанда аз болады. Себебі канализация құбырларында температурасы 10-14 градустан кем емес лас су ағып өтеді.

Құбырдың ең таяз тарту тереңдігін берілген ауданға канализацияның жұмыс істеу тәжірибесінен алады.

Көшедегі дренаж желісінің бастапқы тереңдігі жұмыс көлеміне және оны салу құнына айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан желіні салудың минималды бастапқы тереңдігін таңдауға көп көңіл бөлу керек.

Ең төменгі тереңдікті осы ауданда бұрын салынған су бұру желілерін пайдалану тәжірибесіне сүйене отырып қабылдайды. Әр түрлі диаметрдегі құбырлардың тарту тереңдігін былай анықтаймыз:


